



КІМДЕР САЛЫҚ ТӨЛЕМЕЙДІ?

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



КЕЙІПКЕРЛЕРІМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫРДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗІР ҮКІМЕТТІҢ ӨНІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ ЖЕТКІЛІКТІ. АТҚАРУШЫ БИЛІККЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ӨЗ МІНДЕТІН ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДЕГЕН ЫНТА-ЖІГЕР ҒАНА ҚАЖЕТ. ДЕРБЕС-ТІККЕ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӨКІЛЕТТІККЕ ИЕ БОЛУҒА ҰМТЫЛҒАН ҮКІМЕТ ҚАЛАҒАНЫН АЛДЫ. БІРАҚ «АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР», ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ТА КҮШЕЙДІ. ҮКІМЕТ МҰНЫ ТҮСІНУГЕ ТИІС.

№3 (4591) Сейсенбі 9 қаңтар 2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

## ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР ЖАРИЯЛАНДЫ

Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқы туралы нақтыланған деректерді жариялады.

Бюро ақпаратында 2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20014575 адам болғаны айтылған. Оның ішінде: қала тұрғындары – 12431220 адам, ауыл тұрғындары 7583355 адам болып көрсетілген.

Статистиктер халық санының ең жоғары өсу қарқыны мына аймақтарда тіркелгенін атап өтті: Астана қаласы – 5,11 пайызға, Алматы – 2,82 пайызға, Маңғыстау облысы 2,4 пайызға көбейген.

Ұлттық статистика бюросы 2023 жылдың 16 қарашасында Қазақстан халқының саны 20 миллионға жеткенін жариялаған болатын.

## ӘКЕЛУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Елімізде рөлі оң жақтағы көліктерді әкелуге жарты жылға тыйым салынады. Бұл бұйрықты Өнеркәсіп және құрылыс министрі шығарды. Құжат эталондық бақылау банкі сайтында жарияланды.

Тыйым салу Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың кейбір баптарына сәйкес енгізіліп отыр. «Рөлі оң жақта орналасқан жеңіл автомобильдерді Қазақстан аумағына бөлшектелген түрде алты ай мерзімге әкелуге тыйым салу енгізілсін» делінген құжатта.

«Рүлдік басқарудың оң жақ орналасуы бар жеңіл автомобильдердің жекелеген түрлерін әкелуді реттеудің кейбір мәселелері туралы» бұйрық қолданысқа енгізілді.

# ҮШІНШІ ТОҚСАНДА ҮШ МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Астанада мектеп мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қала тұрғындарының саны артқан сайын мектеп құрылысы да тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Осы ретте жаңа жылдан кейінгі ақжолтай ақпараттың бірі елордада үшінші тоқсан басталысымен тағы үш мектеп ашылғалы тұр. Бұл туралы қала әкімі Жеңіс Қасымбек жария етті. Атап айтқанда, бұл білім ошақтары – Тұран даңғылы мен №24 көшедегі 2400 оқушыға арналған жаңа мектеп, №5 мектеп-гимназия аумағында 1200 орынға арналған және Тұран даңғылында орналасқан «Зерде» дарынды балаларға арналған мектеп ғимараттары болады.

## КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА 100 ЕЛ ҚАТЫСАДЫ

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевтың төрағалығымен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық барысы туралы кеңес өтті.

Жиынға Ұлттық спорт қауымдастығының, Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу жөніндегі дирекциясының басшылығы және Ұлттық спорт федерацияларының президенттері қатысып, атқарылып жатқан жұмысы туралы баяндады.

Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің 100-ден аса елінен делегация келеді.

Ойындар бағдарламасына 20 жарыстық және 10 көрнекі спорт түрі кіріп, 110 медаль жиынтығы ойнатылады. Жарыс ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, құстармен аң аулаудың түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар кіреді. Сондай-ақ ойындар аясында мәдени және ғылыми бағдарламалар да ұйымдастырылады.

Дүниежүзілік көшпенділер ойыны 8-14 қыркүйек аралығында өтетіні жоспарланған.

## ЕРІКТІЛЕР КӨМЕКТЕСТІ

Елордалық волонтерлер жалғызбасты зейнеткерлер мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың ауласын қардан тазартуға көмектесті.

«Жақсылық» марафоны аясында «Астана жастары» және «Жастар рухы» жастар ұйымдарының еріктілері елорданың жалғыз тұратын егде жастағы тұрғындарына көмектесті. Ерікті жастар «Көктал» тұрғын алабы тұрғындарының ауласын қардан тазалап, жәрдем көрсетті. «Астана жастары» ұйымының волонтері Дана Такенова «Соңғы күндері қар көп жауды. Осыған байланысты біз қарт әжелер мен аталардың үйін қардан тазалауға көмектестік. Маған мұқтаж адамдарға көмек көрсету ұнайды. Қала жастарын осындай игі істерге қатысуға шақырамын» дейді ол волонтерлік ісін мақтан тұтып.



Оңалхан ӨНЕРХАН



## ПРЕЗИДЕНТ ТЕННИСШІНІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев теннисші Елена Рыбакинаны Аустралияда өткен беделді жарыстағы жеңісімен құттықтады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев даңқты теннисші, Уимблдон турнирінің чемпионы Елена Рыбакинаны Аустралияда өткен беделді жарыстағы сенімді жеңісімен құттықтап, жаңа белестерді

бағындыра беруіне тілек-тестік білдірді» деп жазды Берік Уәли.

Қазақстанның бірінші, әлемнің төртінші ракеткасы Елена Рыбакина Брисбен (Аустралия) WTA 500 тур-

нирінде жеңіске жетті. Ол ақтық сайыста әлемнің екінші ракеткасы, Беларусь өкілі Арина Соболенконы жеңді. 8 қаңтардағы жаңартылған рейтингте Е.Рыбакина 3-орынға көтерілді.

## СҰХБАТТА ҚАМТЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «XXI ғасырдағы Әділетті Қазақстан: жаңа жетістіктер мен даму перспективалары» атты дөңгелек үстел өтті. Оған Парламент депутаттары, зерттеу институттарының ғалымдары және қоғам белсенділері қатысты.



Сұлтан СЕЙІТ

### Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сұхбатында елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің негізгі аспектісіне баға беріп, алдағы мақсат-мұратты айқындап берді. Бір күндік немесе бір айлық емес, жетістікке жетудің жоспарлы, жүйелі бағдарын көрсетіп, алға ілгерілеп, дамуда белсенді, сергек ойлы болудың маңызын түсіндірді. Ішкі және сыртқы саясат ұлттық бірегейлікке қызмет етуі керекін түсіндірді, – деді алғы сөзді алған Мәжіліс депутаты Самат Нұртаза.

Ал кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиева сұхбатта көтерілген идеологиялық басымдықтарды іске асыруда қоғамдық және ғылыми зерттеу институттармен бірлесу жұмыс істеп, ағартушылық, ғылыми, рухани-мәдени міндетін атқара беретінін сөз етті.

2012-2022 жылдары халықты біріктіретін 10-нан аса идея ұсынылып, қоғамдық сананы жаңғыртуға мән берілді, алайда тұжырымдар қарапайым тұрғындарға сіңісті болып, мәселелерді өз деңгейінде шешпеді. Қасым-Жомарт Тоқаев басқаруындағы айрықшалық – «ескі жүйедегідей» жоғарыдан емес, төменнен жоғарыға қарай деген саясат қалыптастыруға

ұмтылысы. Бұл өз кезегінде әрбір мәселенің өз деңгейінде шешілуіне алып келуі керек. Ойталқы алаңның модераторы, Мемлекет тарихи институтының директоры, PhD Нұрбек Пұсырмановтың ойы осыған саяды. Жошы ұлысын зерттеу ғылыми институты директорының міндетін атқарушы Жақсылық Сәбитов екі Президент тұсында тарихи тұлғалардың насихатталу деңгейіне тоқталды.

– Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде әл-Фараби, Абылайхан, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлихановтың тарихи тұлғасына құрмет білдіріліп, насихатталса, одан кейінгі жылдары Нұрсұлтан Назарбаевты тұлға ретінде дәріптеу жаппай жүргізілді. Тіпті Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы елеусіз қалды. Дінмұхамед Қонаевтың аты аталмады. Қасым-Жомарт Тоқаев тұлғалардың тарихтық орнын бағалап, идеологияның құрамдас бір бөлшегі етуге мән беруде. Сөйтіп, Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығы атап өтілді, Д.Қонаевтың есімімен Қапшағай қаласын атауды ұсынды. Биыл ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығы кең көлемде аталып, Жошы ұлысының 800 жылдығына мән береміз, – деді тарихшы.

Дөңгелек үстелде сөз алған

спикерлер Президенттің сұхбаты қоғамды елдік істерге ұйыстыруына сөз етті. Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеу институты директоры, PhD Ермек Тоқтаров биыл еліміз 6 халықаралық ұйымға төрағалық ететінін, яғни елдің ішкі жағдайына ғана емес, әлем елдерінің қауіпсіздігіне үн қосатынын, бұл өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломат ретіндегі беделін, Қазақстанның ынтымақ пен бірліктің ұясы екенін айғақтайды.

Қазір елде қазақ ұлтының үлесі 70 пайыздан асты. Бұл ұлттық идеяға басымдық берудің маңызын көрсетеді. Сұхбаттың мазмұнынан осыны да аңғаруға болады.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Аяулым Сағынбаеваның айтуынша, Мемлекет басшысы сұхбатында балалардың қауіпсіздігіне және әйелдердің зорлық-зомбылығына қарсы екенін білдіріп, демографиялық үдерісті қолдайтынын білдірді.

Басқосу барысында тарихшы ғалым Бүркіт Аяғанның «Қазақ хандығы тарихындағы Шибандар әулеті (Ібір-сібір – Дешті-қыпшақ) – Мәуереннахр аймағында» атты кітаптың тұсауы кесіліп, көпшілікке таныстырылды.



Елордада жыл сайын тұрғындар саны өсіп, тұтынушыларды дәруменге бай жеміс-жидектермен, көкөністермен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болуда. Ең алдымен, бұл – азық-түлік бағасына да айрықша ықпал ететін фактор. Жақында Сенат депутаттары Геннадий Шиповских пен Бибигүл Жексенбай бас қаланы көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етіп тұрған жалғыз жылыжайға ат басын тіреп, жұмысымен танысып, өзекті мәселелеріне құлақ түрді.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

### Төлен ТІЛЕУБАЙ

Депутаттар барып-көрген жылжымай астаналықтардың көкөністерге деген сұранысының бар-жоғы 15 пайызын ғана жабатынын айтады.

«Заманауи техникалармен жабдықталған жылжымай 20 адам жұмыс істейді. Жалпы аумағы 2,4 гектар жерді қамтиды. Ай сайын 40 тоннаға дейін қызанақ, 53 тоннаға дейін қияр, 17 тоннаға дейін әртүрлі салат өндіреді. Қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеу жетістіктерін іс жүзінде нақты іске асырып, оның он нәтижесінде жасанды сәуле арқылы көкөністердің пісіп-жетілуін ілгерілетіп отырған ұжым әзірге елорданың көкөніске сұранысын тек 15 пайыз жауып отыр» дейді Бибигүл Жексенбай.

\*\*\*

Одан соң сенаторлар қалалық мәслихат депутаттарымен бірге №3 жылу-электр орталығына барды. Өткен жылдың соңында іске қосылған нысан Астананың жылу энергиясы тапшылығына қатысты өткір мәселені шешті. Бір жыл бұрын елорданы дамытуға арналған кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылысы өте баяу жүргізіліп жатқан №3 газ қазандығының жұмысын қатты сынағаны мәлім. Сол жиында Президент бір ай мерзімде №3 жылу-электр орталығының екінші кезеңі мен №3 газ қазандығының құрылысына қатысты біржақты шешімге келу жөнінде тапсырма берді. Негізгі міндет – Астананы кемінде алдағы 10 жылда сенімді жылу жүйесімен қамтамасыз ету.

Сенатор Геннадий Шипов-

толыққанды қамтамасыз ету – ұлт денсаулығын жақсарту мүмкіндігі. Әсіресе мектеп, балабақша, ауруханаларға әртүрлі химикатсыз, сапалы отандық өнім өндірушілерге жан-жақты қолдау қажет-ақ. Өйткені жасаратыны жоқ, шетелден келетін мұндай өнімдер түрін сақтап, ұзақ уақытқа сақталуы үшін азға аса зиянды, тіпті онкология ауруларына әкелетін улы консерванттар пайдаланылатынын мамандар айтып жүр» деп түсіндірді мәселенің мәнісін Б.Жексенбай.

«Ең алдымен біз жұмысшылармен сөйлесіп, қандай күрделі мәселелер бар екенін сұрап білдік. Орталықтың қысқы уақытта атқарылып жатқан жұмысын тексеріп шықтық. Ең бастысы, қаланың жылу энергиясына деген тапшылық жойылғанын қуанттық» дейді ол.

Осы орталықтың құрылысы ұзаққа созылып, соның салдарынан қалада 300 гКал жылу тапшы болып келгені рас. Депутаттар бұл шетін мәселе өз шешімін тапқанына көз жеткізді. Олар екі газ қазандығының құрылысы толық аяқталғанына куә болды.

«Бұл нысан қалаға қосымша 440 Гкал жылу қуатын, яғни шамамен 4 млн шаршы метрді жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріпті. Қунарлығы, елорданы жылумен қамтамасыз ететін орталық толық цифрланған. Биыл қыс салыстырмалы түрде жылы. Сондықтан қалаға берілетін жылу температурасы сәйкес болып, жылу қуатын үнемдеу мүмкіндігі бар. Газ қазандықтары экологиялық жағынан таза болғанмен, көмір біржақты шешімге келу жөнінде тапсырма берді. Негізгі міндет – Астананы кемінде алдағы 10 жылда сенімді жылу жүйесімен қамтамасыз ету.

Сенатор Геннадий Шипов-

## ИНТЕРНЕТ САПАСЫ ЖАҚСАРДЫ

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, байланысы жоқ немесе интернет жылдамдығы төмен 67 тұрғын үй кешенін анықтады.

Бүгінде 62 тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен келісімге қол жеткізілді, ал қалған 5 үйде әлі де радиофобтар бар. Мәселен, «Манхэттен» тұрғын үй кешені маңындағы мобильді интернеттің жылдамдығы мамыр айындағы көрсеткішпен

(Beeline – 1,7 Мбит/с, Kcell – 1,2 Мбит/с, Tele2 – 5,4 Мбит/с) салыстырғанда барлық операторда орташа есеппен 8-10 есеге өсті (Beeline – 28,7 Мбит/с, Kcell – 24,2 Мбит/с, Tele2 – 32,8 Мбит/с). Айта кетейік, қазіргі уақытта «Хан Шатыр» маңындағы 11

тұрғын үй кешенінде базалық станция орнатылған («Самұрық Towers», «Семь Палат», Әнет баба 13/3, «Өнер-2», «Өнер», E-128, «Аққу», Қ.Мұхамедханов 20, Қ.Мұхамедханов 19А, «Smart City», «Greenline Qurmangazy» тұрғын үй кешендері).

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Мысырда шамамен екі мың жыл бұрынғы 23 мумия табылды.

Испандық археологтар Эль-Бахнаса қаласында алғаш рет алтын және түрлі түсті жерлеу маскалары бар мумия түріндегі шамамен 2 мың жыл бұрынғы қорымдарды тапты. Олардың екеуінің аузында алтын тілі бар. Қорымдар Эль-Бахнаса жоғарғы зиратының шығыс бөлігінде табылған. Топырақта қазылып, таспен қапталған құдық түбінде өлілерді жерлеуге арналған бөлмелердің бірінде саркофагтар, ал екіншісінде мумиялардың өздері болған.



Енді саусақ ізі арқылы сүт безі қатерлі ісігін анықтауға болады.

Арнайы зерттеу жұмысын жүргізген ұлыбританиялық ғалымдар осылай дейді. Олардың айтуынша, бұл әдіс болашақта маммографияны алмастырып, адамдарды жүйелі түрде медициналық тексеруден өтуіне ықпал етуі мүмкін. Себебі онкологиялық аурудың осы түріне шалдыққандар саны жылдан-жылға көбейіп барады. ДДҰ келтірген мәліметке сәйкес, жыл сайын қатерлі ісік табылған азаматтардың 12 пайызынан сүт безінің обыры анықталады екен.



АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Таяу Шығысқа тағы да аттанды.

Ол қақтығыс басталғалы осымен төртінші рет анклава аймағына сапарлап отыр. Бұл жолы ол жанжалдың шиеленісуіне жол бермеу мәселелерін талқылап, Газаға гуманитарлық көмек жеткізу жолдарын баяндайды. Бір аптаға созылатын сапар барысында ол Түркия, Грекия, Қатар, БАӘ мен Мысырға да арнайы барады. Газа секторында қаза тапқандар саны 22600-ге жеткен. Тағы 57 мыңнан астам адам жарақат алған.



## ҮШІНШІ ТОҚСАНДА ҮШ МЕКТЕП АШЫЛАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қалада 2023-2024 оқу жылының басынан бастап 11 мектеп салынды. Осы оқу жылының соңына дейін тағы 4 мектеп ашылады. Бүгін қаланы аралау барысында салынып жатқан мектептердің құрылысы жұмысымен таныстым. Оқу орындарын сапалы және белгіленген уақыттың кешіктірмей пайдалануға беруді тапсырдым. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асырылып жатыр. Жоба аясында 2024-2025 жылдар аралығында 90 мыңға жуық оқушыға арналған жаңа форматтағы 24 мектеп салынады. Мәселен, олардың 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл және Нұра аудандарында орналасады» деді қала әкімі.

Осылайша 2027-2028 жылдарға дейін бас-аяғы 200 мыңға жуық оқушыға арналған 80-нен аса мектеп салу жоспарланып отыр.

## ҚАЛА КӨШЕЛЕРІ ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛУДА

Соңғы күндері Астанаға қардың көп түсуіне байланысты елорданың коммуналдық қызметкерлері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Осыған орай, 300-ден астам жол жұмысшысы мен 1200-ге жуық техника қала көшелерінің қарын шығарумен айналысуда.

Өткен түні елорда аумағынан жалпы саны 35 мың текше метрден астам қар шығарылды. Қар полигонына жөнелтілген рейс саны – 2741.

Қаланы қардан тазарту жұмысы бас қаланың барлық 5 ауданында да тәулік бойы жүргізілуде. Ең алдымен, ережелерге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс аймақтары тазартылады. Сондай-ақ орташа қозғалыс қарқыны бар учаскелер, атап айтсақ, алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. жерлер қардан тазартылады. Сондай-ақ елорда көшелеріне тайғаққа қарсы қоспалар себіліп, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар трактормен және қолмен тазартылууда.

Қыс маусымы басталғалы бері бас шаһар аумағынан 1406985 текше метр қар шығарылды, бұл 103 мыңнан астам ауыр жүк рейсін құрайды.

Алматы ауданында қар тазалау және көшелер мен тротуарларды мұздан тазарту жұмысы екі ауысымда қарқынды түрде жүргізілуде. Бүгінде аудан аумағынан коммуналдық қызметтердің күшімен барлығы 5770 текше метр қар шығарылды. Мамандар түнгі ауысымда қар тазалау жұмысына 350-ге жуық арнайы техника мен 100-ден астам жол жұмысшысы жұмылдырылғанын мәлімдеді.

Байқоңыр ауданының аумағынан соңғы түнде 10 мың текше метр қар шығарылды. Қар полигонына шығарылған рейс саны 600-ді құрады. Коммуналдық қызмет әлі де күшейтілген режимде жұмысты жалғастыруда.

Есіл ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, аудан аумағында қар тазалағыштар жол бөлігіндегі қарды күреп, жол қызметкерлері мен шағын арнайы техникалар жаяу жүргіншілер жолын, көлік тұрақтарын,

аулаішілік аумақтарды тазартуды белсенді жүргізуде. Бұл ретте барлығы 327 техника, 340 жұмысшы қар тазалауға жұмылдырылған.

Түнгі уақытта магистралдық көшелерде сыпыру-жинау техникаларымен қар күреліп, жолдар, жаяу жүргіншілер жүретін жерлер мен басқа да қоғамдық орындар, жерүсті өткелдері мен тротуарлар, велосипедке арналған жолдар мен қоғамдық көлік аядамалары қардан тазартылууда.

Аудандық әкімдіктерде қар күреу жұмысының барысын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Айналы қардан тазарту жұмысының тоқтаусыз жүргізілуіне байланысты қала әкімдігі жүргізушілерді жылдамдықты шектен асырмай, көліктер арасында арақашықтық сақтауға және шұғыл маневр жасамауға шақырады.



### ХАБАРЛАНДЫРУ

2024 жылғы 2 ақпанда Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Өндіріс тасжолы ауданы, С-301 және С-300 көшелерінің қиылысында, тапсырыс беруші «Astana Construction N. S.» ЖШС, «Өндірістік базадан» 1 қ. нысанынан «Өндірістік база» 2 қ. нысанға өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өтеді.

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ және «Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты» ММ нысаналы мақсатын «Өндірістік базадан» 1 қ. нысанынан «Өндірістік базаға» 2 қ. нысанға өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өтеді, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Өндіріс тасжолы

ауданы, С-301 және С-300 көшелерінің қиылысында, тапсырыс беруші «Astana Construction N. S.» ЖШС 2024 жылғы 22 қаңтарда сағат 11:00-13:00 аралығында өтеді, Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

2023 жылғы 2 ақпанда Республика даңғылы 32, 1-қабат мекенжайы бойынша сағат 11:00-13:00 аралығында өтеді. Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

**Forbes журналы әлемнің ең қымбат футбол клубтарының тізімін жариялады.**

Сарапшылар команданың инфрақұрылымы, құрамы мен спорт саласындағы коммерциялық жағдайын бағалап, осындай шешімге келген. Көш басында Испанияның «Реал» (Мадрид) клубы тұр. Оның құны – 5 млрд 490 млн еуро. Екінші орында тұрған Англияның «Манчестер Юнайтед» клубы 5 млрд 427 млн еуроға бағаланған. Үздік үштікті 4 млрд 984 млн еуромен Испанияның «Барселонасы» түйіндейді.



**АҚШ-тың NASA ғарыш агенттігі 50 жылдық үзілістен кейін Айға зымыран ұшырмақ.**

Ғарыш кемесін жыл соңында немесе 2025 жылдың басында ұшыру жоспарланған. Бұл жолы олар Айға қонбайды, бірақ келесі экипаждың қонуына мүмкіндік жасамақ. Бұл жолы Айға алғаш рет әйел адам ұшады. Адамзаттың Айға ұшпағанына жарты ғасырдан асып кетті. Сондықтан мұның бәрі тарихи сәтке айналмақ. Бұл ұзақ сапарда 4 ғарышкер Айға дейін 370000 шақырым ұшып, 9 күн 13 сағат жұмсайды.

Елордада мұқтаж отбасыларға тегін көмір таратылды. Акция Астанада бастау алған «Мейірімділік марафонына» байланысты ұйымдастырылды.

## МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА – ТЕГІН КӨМІР



– «Үркер» тұрғын алабындағы 20-дан астам мұқтаж отбасыға қатты отын жеткізілді. Бұл – аз қамтылған отбасылар, жалғыз тұратын зейнеткерлер. Жұмыс алдағы уақытта да жалғасады, – деді Нұра ауданы әкімінің Үркер тұрғын алабындағы инспекторы Жарқын Айтжанов.

Көмір алғандардың бірі – I дәрежелі мүгедек Теуб Әлиев. Ол акция демеушілері мен әкімдік қызметкерлеріне көрсеткен көмегі үшін алғысын білдірді.

– Қыс мезгілінде мұқтаж адамдарға көмек көрсеткеніңіз үшін өте қуаныштымын. Жылу үшін рақмет! Әкімдікке және барлық қызметкерлерге алғыс айтамын! – деді ол.

Елордада бұған дейін басталған «Мейірімділік марафоны» эстафетасының басты мақсаты – адамдарға халықтың әлеуметтік қорғалмаған санатына көмек көрсетуге мүмкіндік беру. Акция аясында әрбір тұрғын өз үлесін қосып, мұқтаж жандарға көмек көрсете алады.

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОМБИЛЫҚ АЗАЙМАЙ ТҰР

Астана қалалық Полиция департаменті әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция капитаны Әйгерім Дәркембаева коммуникация қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімдеді.

Аға инспектордың айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталануын болдырмау мақсатында 2023 жылы тұрмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін сотта 6595 өкімшілік іс қаралды. Тұрмыстық тәртіпсіздіктерге қарсы 9090 қорғау ұйғарымы шығарылып, сот құқық бұзушының мінез-құлқына 582 ерекше талап қойды.

Елордалық полиция қызметкерлері құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін ӘҚБтК-нің 73-бабы бойынша 4231, ҚР ӘҚБтК-нің 73-1-бабы «Денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» бойынша 349 өкімшілік хаттама толтырды. Сонымен қатар ӘҚБтК-нің 73-2-бабы бойынша 1569 хаттама толтырылды.

– Полиция қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету мәселелері бойынша дағдарыс орталықтарымен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізеді. Отбасылық агрессия құрбандарын оңалту көмегін көрсететін ұйымдарда уақытша оқшаулау тұрақты негізде жүзеге асырылады. Полиция қызметкерлері үкіметтік емес ұйымдардың психологтарымен бірлесіп отырып, зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алу мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына тұрғылықты жеріне барып, оларға құқықтық көмек пен психологиялық қолдау көрсетеді. Қайталанатын зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық әңгіме жүргізеді, – деді Әйгерім Дәркембаева.

Сондай-ақ осы бағытта «Отбасы табысы орталығы» ҚҚ, «Қорғау – Астана» жеке қоры, «Үміт» дағдарыс орталығы және «Қиын өмірлік жағдайдағы адамдар мен отбасыларды қолдау-

дың интеграциялық орталығы» АҚ өкілдерін тарта отырып, жан-жақты жұмыс жүргізілуде.

Осындай проблемалы отбасылармен жұмыс әр бейсенбі күні тұрақты түрде жүргізіледі. YEY мамандары, оның ішінде психологтар, медиаторлар және заңгерлер отбасы мәселелерін жан-жақты зерттейді.

Тұрақты түрде әр сенбі күні ер психологтарды, мешіт өкілдерін, қоғам қайраткерлерін, блогерлерді, «Әкелер кеңесі» ҚБ, «Сенімен болашақ» РҚБ өкілдерін тарта отырып, агрессорлармен профилактикалық жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар қанатқақты режимде ODARA жүйесін пайдалана отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық қаупін бағалаудың халықаралық тәжірибесі енгізілді. Оның көмегімен YEY өкілдерін тарта отырып, агрессорлармен жұмыс жүргізіліп, тұрмыстық салада қылмыс жасауға бейім тұлғалар анықталады.

2023 жылдың 10 тамызынан бастап бұл әдіс еліміздің барлық аймағында қолданылууда. Қазақстанда, оның ішінде елордада да отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді күрес жүргізілуде. Агрессорлар үшін жазалау шаралары қатаңдатылууда, үлкен жұмыс осындай қылмыстың алдын алуға бағытталған. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның мүшесі Баян Тойкебаеваның айтуынша, өткен жылы елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жаза күшейтілді. Енді полиция қызметкерлері жәбірленушінің өтінішінсіз істерді бастай алады, ал ерлі-зайыптылар татуласу үшін сотқа бір рет қана бара алады.



**Ерлан ҚОШАНОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің төрағасы:



## ЖАСАМПАЗ КҮН ТӘРТІБІН БЕЛГІЛЕДІ

– Бұқаралық ақпарат құралдарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қараймыз керек» деген кең ауқымды әрі ашық сұхбаты жарияланды. Президент 2024 жылдың бірінші жұмыс күнінде берген осы сұхбаты арқылы, шын мәнінде, жаңа саяси маусымды ашып, мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысының жасампаз күн тәртібін белгіледі. Бұл да тағы бір жаңа саяси дәстүр.

Сұхбатты оқығанда осы уақыт ішінде байтақ Отанымызда көптеген айтулы оқиға орын алғанын, азаматтардың өмірін жақсартуға бағытталған маңызды мемлекеттік шешімдер қабылданғанын терең түйсінесіз. Еліміз алға қарай қарышты қадам басып, түбегейлі реформалар жасалды. Қоғам өзгерді. Адамдардың санасы жаңаруда, құндылықтар өзгеруде.

Журналистпен әңгіме барысында Президент ел болашағы, қоғамымыздың дамуы, Қаңтар оқиғасы, жүргізіліп жатқан реформалар мен ұлттық құндылықтар туралы ойын ортаға салды. Бұдан тура 2 жыл бұрын осы күндері біз жәнтүршігерлік оқиғаны бастан өткердік. Әкімдіктерге, құқық қорғау органдарының ғимараттарына, қару-жарақ қоймаларына шабуылдар жасалып, бұқаралық ақпарат құралдарын, әуежайларды басып алу оқиғалары орын алды. Мұның бәрі – нағыз мемлекеттік төңкерістің ортақ белгілері. Сол бір қиын-қыстау кезеңде Президенттің күрделі де тағдыршешті шешімдерді қабылдағанына жанында болған азаматтар тікелей куә болдық. Қасым-Жомарт Кемелұлы өзіне төнген қауіп-қатер мен қысымға қарамастан, жұмыс орнынан кетпей, өңірлермен тәулік бойы байланыста болып, сағат сайын жедел штаб отырысын өткізіп отырды.

Сол түні Президент Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысын өз қолына алып, оның арнайы отырысын өткізді. Президенттің сын сағатта табандылық танытып, биліктің құламайтынын және өзінің елден ешқайда да кетпейтінін мәлімдеуі халықтың көкірегіне үлкен сенім ұлатты. Осыны көрген қасқой төңкеріс жасаушылардың беті қайтып, кері шегінуге мәжбүр болды. Мемлекет басшысының батылдығы, табандылығы мен мықты ерік-жігері мемлекетті сақтауға және тәртіпті қалпына келтіруге мүмкіндік берді деп толық сеніммен айта аламыз. Сол бір қиын-қыстау күндерде жасаған батыл әрекеті үшін халқымыз Президентке бүгінге дейін ризашылығын білдіреді. Депутаттар өңірлерге барған сайын осыған куә болып жүр.

Қоғамда көптен бері айтылып та, талқыланып та жүрген түйткілдің бірі – қос билік мәселесі. Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты нақты әрі ашық жауап берді. Президент Әкімшілігіндегі жұмыс барысында шенеуніктердің екі жаққа жалтақтап, кабинеттер арасында шабылып жүруі басқару моделіндегі осалдықты байқатты. Қоғам ескі жүйенің билікті өз қолына шоғырландырып, мейлінше одан айырылғысы келмейтініне куә болды. Сол уақытта бүкіл саяси-құқықтық жүйенің жұмысы осыған бағытталған болатын. Бірақ бір елде екі басқарушының болмайтыны анық. Бұл – басқарудағы дағдарыс пен биліктің дисбалансына апаратын қатерлі жол. Мұны кейіннен орын алған Қаңтар оқиғасы нақты дәлелдеді. Бүгінде елімізде барлық шешімді халық сайлаған Президент қабылдайды. Бұл тұрақтылық пен дамудың кепілі болып отыр.

Президент Қаңтар оқиғасы саяси реформаларды жүзеге асыруды жеделдеткеннен ерекше атап өтті. Қасым-Жомарт Кемелұлы үлкен өзгерістерді ең алдымен өзінен және жанындағы саяси элитадан бастады. Басты саяси жаңалықтың бірі – Президенттің жеті жылдық бір мерзімге сайлануы. Бір Президент – бір мерзім қағидаты Конституциямызда шегеленіп, ел тәуелсіздігіне пара-пар мызғымас нормаға айналды. Бұл болашақта күштің бір қолға шоғыр-

лануына қарсы нағыз «вакцинация» деуге болады. Бұл түбегейлі шешім – Президенттің саяси реформаларын сөзбен емес, іспен шегендеудің айқын көрінісі. Мұндай өзгерістер әлемдегі дамыған елдердің өзінде де ғасырларға созылғанын білеміз.

Реформалардың негізгі нәтижесінің бірі – жаңартылған Мәжіліс. Бүгінде бұл палата саяси көзқарастардың кең ауқымын білдіреді. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» моделі толықтай іске асырылды деп айтуға негіз бар. Мысалы, Мәжілістегі көпшілік орынға ие болған Аманат партиясы Мемлекет басшысымен кеңесе келе, алғаш рет Премьер-министрлікке өз кандидатурасын ұсынды. Мәжіліс қабырғасындағы әрбір заң мен негізгі шешімдер қоғаммен бірлесіп қабылданады. Жаңартылған Мәжіліс ең алдымен заңсыз иемденген активтерді мемлекет меншігіне қайтару туралы заңды қабылдады. Халық арасында кеңінен талқыланған бұл заң Президент ұйытқы болған әлеуметтік әділеттілікті орнату бойынша қоғамның басты талабына лайықты жауап болды.

Мемлекет басшысы қоғамның түйткілді мәселелерін үнемі назарда ұстайды. 2019 жылы Президент ретінде қабылданған алғашқы шешімдердің бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың қаржылық тәуелділігін, қарызын азайту болды. Бұл маңызды мәселе Қасым-Жомарт Кемелұлы үнемі толғандырады. Президенттің тікелей тапсырмасымен депутаттар халықтың қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған заң жобасына бастамашы болып отыр.

Президент өз сұхбатында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік принципі ұстануға тоқталды. Бұл қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дерт екені анық. Осы ретте, депутаттар тарапынан мұндай қылмыс үшін жазаны одан әрі қатандыру мәселелері заңмен қайта пысықталуда.

Президент жылу орталығы (ТЭЦ) мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бүгінгі мүшкіл жағдайы туралы да ашық шындықты айтты. Бұл проблемалар ұзақ уақыт айтылып, жұмылған қазан күйінде қалып отырды. Жасыратыны жоқ, 30 жыл ішінде елімізде бірде-бір жылу энергия орталығы салынбады. Енді Үкімет пен әкімдер бұл мәселелерді кезең-кезеңімен шешетін болады. Еліміздің әртүрлі қалаларында 3 жылу энергия орталығын салу жоспарлануда. Қомақты инвестиция құйылып, жаңа мамандар даярланады.

Бұл сұхбатында Қасым-Жомарт Кемелұлы ел мен қоғамның дамуына қажетті құндылықтарға да ерекше тоқталды. Елдік мақсатта артқа алаңдамай, ұзақ мерзімді мақсаттарды басшылыққа ала отырып, алға ұмтылу маңызды екеніне басты назар аударды. Яғни біз өткенімізбен ғана мақтанбай, өзіміз ештеңе істемей, жетістікке жете алмайтынымыз хақ. Бұл – қоғамды тығырыққа тірейтін алдамшы түсінік. Жаһандық бәсеке жағдайында біз заманауи технологиялары өркендеген, жасанды интеллект енген озық елдер мен дамыған қоғамға қарап бой түзеуіміз керек. Ол үшін еңбекқорлық, білімге ұмтылу, прагматизм, кәсіпқойлық, іскерлік, бастамашылық сияқты құндылықтарды бекем ұстанған мемлекетке айналуда тиіспіз.

Мемлекет басшысы сұхбатының «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қараймыз керек» деп аталуының өзі алдымызда ауқымды мақсат тұрғанын аңғартады. Президент сұхбатындағы басты ой – елде қоғамның қатысуынсыз ешбір он өзгерістің болуы мүмкін емес екені. Мемлекет басшысы айтқандай, азаматтардың құқықтық жауапкершілігі мен белсенділігі – демократиялық өзгерістердің басты кепілі. Ұлағатты ұлттық құндылықтар аясында ұйысқан халық ешқашан кері кетпей, әрдайым нық сеніммен алға ұмтыла бермек.

**Марат МҰСТАФИН,**  
Астана қаласы Алматы ауданы  
ардагерлер кеңесінің төрағасы,  
Астана қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі:

## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

– Жаңа 2024 жылдың 3 қаңтар күні Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген көлемді сұхбаты халықты толған қанды қаңтар көкейтесті дамыған елдердің өзінде де ғасырларға созылғанын білеміз.

Сөзіміздің негізгі нәтижесінің бірі – жаңартылған Мәжіліс. Бүгінде бұл палата саяси көзқарастардың кең ауқымын білдіреді. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» моделі толықтай іске асырылды деп айтуға негіз бар. Мысалы, Мәжілістегі көпшілік орынға ие болған Аманат партиясы Мемлекет басшысымен кеңесе келе, алғаш рет Премьер-министрлікке өз кандидатурасын ұсынды. Мәжіліс қабырғасындағы әрбір заң мен негізгі шешімдер қоғаммен бірлесіп қабылданады. Жаңартылған Мәжіліс ең алдымен заңсыз иемденген активтерді мемлекет меншігіне қайтару туралы заңды қабылдады. Халық арасында кеңінен талқыланған бұл заң Президент ұйытқы болған әлеуметтік әділеттілікті орнату бойынша қоғамның басты талабына лайықты жауап болды.

Мемлекет басшысы өткен жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы болғанын атай отырып, Конституциялық сот жұмысының басталғанын, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының жаңа ереже бойынша сайланғанын, сонымен қатар аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайланғанын баса айтты.

**Мағжан САДЫХАНҰЛЫ,**  
философия ғылымдарының кандидаты:

## КЕЛЕШЕККЕ БАСТАЙТЫН ҰСТАНЫМ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде берген сұхбатында еліміздің ішкі және сыртқы саясатына айрықша мән бере отырып, әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам қағида-сына қарсы тұрған кейбір ықпалды топтар билік пен қоғам арасындағы байланысты ұшықтырып, одан сайын тоқырауға ұшыратуды көксемеген адамдардың болғанын жасырмай айтты. Екі жыл өткен қаңтар оқиғасында бүлікшілердің не мақсат көздегені де белгілі болды. Әділетті Қазақстан құрудың реформасына тікелей қарсылық білдіріп, бұрынғы қитұрқы, бюрократизм мен мансаптық, жеке басқа табынушылық пен ішіп-жеу саясатын қайта қалыпқа келтіріп, жаңа басталған саяси реформаны құл-пәрша етуге қамданғандар билікті басып алуға ұмтылды.

Президент осындай шындықты айта отырып, мемлекеттік төңкеріс жасамас болғандардың ішінде қылмыстық топтар, экстремистер, әсіресе діншілдердің болғанын тілге тиек етті. Рас, қазақ – ықылым заманнан ислам дінінің дәстүрін әспеттеп келе жатқан халық. Әйтсе де ұлттың ұлылығына бас имеген бұрынғы 30 жыл бойы жүргізілген жүгенсіз саясаттың арқасында елде шалақ шалбар киген сақалды дінсымақ жас жігіттерімізбен бірге бүркемелеп қара жамылған қыздарымыз қалай пайда болды? Қазақ қоғамына қайырсыз, опасыз діннің бір ағымын кіргізуге кім жол берді? Тіпті салафит ағамының сайқымасағы санамызды ұлады. Президенттің қаңтар оқиғасында діншілдер болды деген сөзінің астарында осындай мәселелер жатыр.

Шын мәнінде, қаңтар бүлікшілерінің мақсаты конституциялық құрылымның тамырына балта шабу, атыс-шабыс, мемлекеттік мекемелерге өрт қою арқылы халықты үрейлендіріп басқа-

ру, «креслоларда» өздері отыру болды. Президент: «Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ бұған мен үзілді-кесілді қарсы болдым» деді. Бүлікшілердің мұндай сатқындық, алауыздық, елімізді құрдымға жіберетін ұсынысы қабылданса не болар еді! Сондықтан туған халқы үшін аласапыран күндері мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заңның үстемдігіне қылау түсірмеу сол кезде Мемлекет басшысына оңай тиген жоқ, әрине.

Мемлекет басшысы ұлт тарихында айрықша орын алатын парасатты тұлғаларға тағзым ету арқылы бүгінгі жастар бойына патриоттық, отансүйіштік сезім ұялатуға кең жол ашылатынын, кешегі аумалы-төкпелі заманда ұлтарактай жер үшін жанын пиді қылған батырларымыз бен Алаш арыстарының айбынды ерлік ісін ешқашан ұмытуға болмайтынын алға тартып отыр. Яғни ұлтқа ұран тастаған ерлікке бас ию қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрі емес пе? Рас, биыл Рейхстагқа ту тіккен астаналық Рақымжан Қошқармановтың және ақмоғалық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетовтің туғанына 100 жыл тоғалы отыр. Сонымен қатар әлемге әйгілі геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толу мерейтойын мерекелеу міндеті тұр. Осы тұрғыда Мемлекет басшысы көп томды Қазақстан тарихын паш ететін кітаптың аяқталуға жақын екенін жеткізді. Сондықтан да өткен тарихымызды түгендеп, ұлт болып ұйысып, ұлы мақсаттарға білек сыбана кірісу әр азаматтың абыройлы борышы болуы тиіс дегенді алға тартады Президент.

Иә, көп жағдайда кезінде Үкімет халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына мән беруі керек-ақ еді. Алайда өткен 30 жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық жағдайда қарқынды ілгерілеу болды деп



мемлекетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін айтулы дата – Жошы ұлы-сының іргесі қаланғанына 800 жыл толғанын атап өту керегін алға тартты.

Мемлекет басшысы тағы бір шындықты, өзінің 2019 жылы Президент болып сайланғаннан соң еліміздегі күрделі билік жүйесінің қалыптасқанын ашық айтып, бәзбіреулердің қосарланған билік жүйесін орнатуға күш салғанын жасырмады. Бұл жөнінде Президент: «Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе, қайырылма!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның берекесі-бірлігіне ойлауға тиіс» деп келешек ел тағдырына өз ойын жеткізді.

Президент өз сұхбатында

тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстануға тоқталды. Бұл қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дерт екені анық, сондықтан депутаттар тарапынан мұндай қылмыс үшін жазаны одан әрі қатандыру қажеттігін алға тартты.

Президент «Біз өткенімізбен ғана мақтансып, өзіміз ештеңе істемей, жетістікке жете алмайтынымыз хақ. Бұл – қоғамды тығырыққа тірейтін алдамшы түсінік. Жаһандық бәсеке жағдайында біз заманауи технологиялары өркендеген, жасанды интеллект енгізілген озық елдер мен дамыған қоғамдарға қарап бой түзеуіміз керек. Ол үшін еңбекқорлық, білімге ұмтылу, прагматизм, кәсіпқойлық, іскерлік, бастамашылық сияқты құндылықтарды бекем ұстанған мемлекетке айналуда тиіспіз» деп түйіндеді.

Біз, зейнеткерлер ұжымы, қоғамның бір қанаты ретінде Президентіміздің сұхбатында көтерілген мәселелердің тереңдігін толықтай түсініп, өз өмір соқпағымызда жиі жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның берекесі-бірлігіне ойлауға тиіс» деп келешек ел тағдырына өз ойын жеткізді.

Президент өз сұхбатында саясатын бір-ақ адам жүргізетінін және ол мемлекет мүддесі мен қоғамның берекесі-бірлігін сақтау арқылы Жаңа Қазақстандағы саяси реформалардың кері қайтпайтынына көз жеткіземіз.

Енді елімізде жеке басқа табынушылықтың ауылы мүлде жойылатын болды. Жасыратыны жоқ, өткен 30 жыл ішінде әкімдер Президент отырысқа сапармен келе қалса, есік пен төрге алқазыл кілем төсеп, даңғазара, жалаң ұрандармен, «уралаған» билбордтармен, аста-төк дастарқан жаюмен, жағымпаздық пен қошемет, әсіресе мақтау сөздер айтудан жалықпайтын. «Халықты жинап, қыруар қаржы шығындап, салтанатты шаралар ұйымдастыру біржола тоқтатылады» деді Мемлекет басшысы. Өте дұрыс пікір. Енді билік пен қоғамның арасына көлеңке түсіретін саяси әсіре даңғазар қылықтардан бұдан былай аулақ жүретін боламыз. Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезіндегі Парламентпен бекітілген бұрынғы елорданың Астана атауын қайтаруы – дүйім жұрттан қолдау тапқан ерлікке парапар нәрсе. Әрине, «Көш жүре түзеледі» дегендей, әлі талай жаңа жетістіктерге қол жеткізетінімізге күмән жоқ.

Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan»-ға берген сұхбатында Ата Заңға бұрынғыдай қалай болса солай өзгерістер енгізілмейді және мені халық 7 жылға сайлады ма, сол мерзімге дейін ел басқарамын. Мемлекет басшысының бұл сөзінен біз конституциялық реформаның ешқашан бұзылмайтынына көз жеткіземіз.

Президент айтқандай, біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Қайта өткеннен сабақ алу арқылы ұрпақ сабақтастығын жалғастырып, ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете түскеніміз жөн. Қазір – жаңашылық салтанат құратын заман. Сондықтан жалпыұлттық құндылықтар бірінен биік тұруы тиіс. Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбатының маңызы өте зор. Оның тілшіге берген әрбір жауабында елді кемел келешекке бастайтын ұстаным, шындық пен ақиқат жатыр.



## МӘСЕЛЕНІ ТҮРҒЫНДАРМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАДЫ

Астанада 3-12 қаңтар аралығында Парламент депутаттары сайлаушылармен көшпелі жұмыс іс-шараларын өткізіп жатыр.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Астана қаласы бойынша №2 сайлау округінен Мәжіліс депутаты болып сайланған Дәулет Тұрлыханов алдымен әріптестерімен бірге таяуда іске қосылған №3 су сорғы-сүзгі стансасының жұмысымен танысты.

«Бұл станса соңғы жылдары орын алған су тапшылығы мәселесін оңтайландыруға септігін тигізе бастады. Қазір оның қуаты 105 текше метр су қорын құрап отыр. Сонымен қатар «Астана су арнасы» кәсіпорны қоймасынан су құбыры іске қосылған, бұл да қаланы тәулігіне қосымша 90 мың текше метр сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Су мәселесі қашанда өзекті саналады. «Судың да сұрауы бар» деп тегін айтылмаған ғой. Сондықтан бәріміз де суды пайдалануды, яғни үнемдеуді үйренуіміз керек. Бұл шаруашылық нысандарға да, жеке адамдарға да қатысты мәселе деп түсінемін. Ең бастысы, елордада су мәселесіне байланысты жұмыстар тығыздығы жүргізіліп жатыр. Су мәселесі – стратегиялық мәселе екеніне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше маңыз беріп, назарында ұстайды» деді Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов.

Көшпелі жұмыс іс-шаралары аясында депутат Сырдария, Күлтегін және Жангелдин көшелері қиылысындағы жеке сектор тұрғындарымен арнайы кездесуге барды. Бұл жерде ондаған жылдардан бері ЛЭП электр бағаналары проблемасы орын алған. Атап айтқанда, жоғары вольтты электр бағаналары тұрғындардың денсаулығына қауіп туғызып келеді. Осы маңайда тұратын адамдардың түрлі жаман ауруларға шалдығуы курт өскен. Тіптен, атадан балаға дейін созылмалы ауруға



шалдығу деректері бар. Бір топ тұрғындар Дәулет Болатұлына дәрігерлік анықтамаларын көрсетіп, бұл проблеманың түйіні бір шешілмей қойғанын баяндап берді. Тұрғындармен кездесуге Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді, осы аудандағы үйлерді сүру, тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуге жауапты «Городская недвижимость» КМК мекемесінің басшысы Александр Строчков, Апапат партиясының жауапты қызметкерлері қатысты.

«Бұл проблема ондаған жылдарға созылып келеді. Біз үшін ең басты мәселе, адамдардың денсаулығы болып тұр. Осы маңайдың адамдары әулетімен созылмалы ауруларға шалдығды. Әсіресе, обирмен, яғни рақпен ауыратындар жылдан жылға көбейіп барады. Соның бәрі осы электр бағаналарына қатысты болып тұр. Әсіресе, күз-көктем кездерінде зиянды әсері мейлінше сезіледі. Адамдардың ауруы ушығып кетеді. Ал осы бағананың мәселесін шешетін ешкім болмай тұр. Қалалық мекемелерге айтылады, ал одан әрі мәселе шешілмейді. Бірен-саран үйлер сүріледі. Сонымен бәрі тоқтайды. Дәулет Болатұлы депутат ретінде былтырдан бері осы мәселеге назар аударып келесіз, сізге рахмет айтамыз. Енді осы проблеманы түбегейлі шешуге ықпал етуіңізді сұраймыз» деді кездесуге келген тұрғын Гүлден Зиядина.

Өз кезегінде Д.Тұрлыханов осы маңайдағы үйлердің проблемасын шешуге, яғни сүруге, тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге жауапты «Городская недвижимость» ЖШС басшысы А.Строчковқа ағымдағы мән-жайды айтып, түсіндіріп беруін сұрады. Серіктестік басшысы болса келісім-шарттар жасап жатырмыз, қолда бар мүмкіндікке қарай үйлерді сүруді жүргіземіз деп жауап қатты. Тұрғындардың талап-тілектерін тыңдап алған депутаттың серіктестік басшысына «Айтқандарыңыз бойынша құжаттарыңыз бар ма, болса көрсетіңізші?» деген сауалына серіктестік басшысы құжаттардың болмауына байланысты нақты жауап бере алмады.

Тұрғындар, аудан әкімдігі, Апапат партиясының жауапты қызметкерлері, тұрғын алабында орын алған проблеманы шешуге жауапты кәсіпорын мамандары қатысқан кездесуде тыңдалған, талқыланған мәселелерді Дәулет Тұрлыханов түйіндеді.

«Бұл проблема шынымен де өзекті болып саналады. Өйткені бұл жердегі ең басты мәселе адамдардың денсаулығына қатысты болып отыр. Ал денсаулық – адамның басты құндылығы, сондықтан жақын арада әкімдік аясында осы мәселені күн тәртібіне қойып жиналыс өткізуді ұсынамын. Жиынға қала әкімдігі, прокуратура, басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері, сонымен

қатар осы проблеманы ба- нынан кешіп отырған тұрғындар шақырылуы керек. Сол жерде отырып жан-жақты талқылап барып, бір нақтылы шешімге келуге тиіспіз» деді Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов.

Өз кезегінде аудан әкімі Талғат Рахманберді жиынды жақын арада ұйымдастыратынын жеткізді.

Сонымен қатар депутат Д.Тұрлыханов осыған дейін де бірнеше рет барған, құрылысы ұзаққа созылып кеткен №12 мектептің құрылыс барысын тағы бір көріп шықты. «Кирпичный» аталып кеткен ауданда орналасқан бұл мектептің тезірек пайдалануға берілуі өте маңызды болып тұр. Өйткені осы мектептің орнында болған ескі мектептің оқушылары қаланың басқа мектептерінде оқуға мәжбүр болып жүр. Бұл өз кезегінде оқушыға да, олардың ата-аналарына да қосымша әлеуметтік қиындықтар туғызып отырғаны сөзсіз. Құрылысты жүргізуші компания өкілдері жаңа мектеп жақында пайдалануға берілетінін айтады.

Көшпелі жұмыс барысында депутат Д.Тұрлыханов №1 автобус паркі, «Астана көгалдандыру құрылысы» кәсіпорны жұмысшыларымен, №5 мектеп-гимназия және №27 мектеп-лицей ұжымдарымен де кездесу өткізіп, ағымдағы мәселелерді талқылады.

Депутаттың жұмыс кестесінде тағы бірқатар кәсіпорындарда кездесу өткізу жоспарланған.

Жыл сайын елордада әлеуметтік осал санаттағы 186 мыңға жуық адам біржолғы әлеуметтік төлемдермен және тегін қызметтермен қамтылады. Ал 2024 жылдан бастап қалада жекелеген азаматтарға жаңа әлеуметтік көмек енгізілді.

## ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЕНГІЗІЛДІ

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

2024 жылы қазанның екінші жексенбісінде атап өтілетін Мүгедектер күніне орай әлеуметтік көмек қолданысқа енгізілді. 1-топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 20 АЕК немесе 73 840 теңге, 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға және барлық топтағы он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 10 АЕК немесе 36 920 теңге, 3 топқа 5 АЕК немесе 18 640 теңге төленеді.

Сонымен бірге, атаулы күндер мен мереке күндерінде азаматтардың мынадай санаттарына 2,5 АЕК мөлшерінде

иммун тапшылығы вирусның тасымалдаушылардан зардап шегетін адамдар қатарынан әлеуметтік маңызы бар аурулары бар азаматтарға.

Бұдан басқа, «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 16 желтоқсанда (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні) 60 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Мына санаттағы азаматтарға 45 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

- 15 ақпан (Кеңес әскер-



біржолғы ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

- 4 ақпан (Дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күрес күні) – әлеуметтік маңызы бар аурулары бар азаматтар мен қатерлі ісіктері бар балалар;  
- 8 наурыз (Халықаралық әйелдер күні) – көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға, оның ішінде аз қамтылған аналарға;  
- 21-23 наурыз (Наурыз мейрамы) – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

- 7 мамыр (Отан қорғаушылар күні) – Қазақстан Республикасы алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы алушылар қатарындағы зейнеткерлік жастағы адамдарға;  
- 31 мамыр (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) – Саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдарға;

- 1 маусым (Балаларды қорғау күні) – жетім балаларға;  
- 29 тамыз (Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні) – Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, зейнеткерлер мен біржолғы өтемақы алушыларға;  
- 1 қазан (Қарттар күні) – жасы бойынша зейнеткерлерге және зейнетақының ең төменгі мөлшерін алушылар қатарындағы зейнеткерлік жастағы адамдарға;

- 1 желтоқсан (Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні) – адамның иммун тапшылығы вирус- нынан, оның ішінде адамның

лерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күні) – «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2, 3, 4, 5-тармақтарында көрсетілген басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлерге; Ауғанстанда әскери қызмет өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруы салдарынан мүгедектігі бекітілген әскерилерге;

- 26 сәуір (Чернобыль атом электр станциясындағы апат құрбандарын еске алу күні) – жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарын жоюға қатысқан адамдар қатарындағы басқа адамдарға.

9 мамыр Жеңіс күніне әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына беріледі:

- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 (бір) миллион теңгеден кем емес;  
- жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге (осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген адамдардан басқа) – 45 АЕК;  
- басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға ардагерлеріне (осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген адамдардан басқа) – 45 АЕК;  
- басқа адамдарға, еңбек ардагерлеріне – 15 АЕК.

Әлеуметтік көмек 25 қазанға (Республика күні) аз қамтылған азаматтарға 4,5 АЕК (АӘК алушылар қатарынан) мөлшерінде беріледі.

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫН ПОЛИЦИЯСЫЗ РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғалары кезінде полицияның және соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыруды рәсімдей алады.

Бұл үшін мемлекет «Еуроқаттама» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі, деп хабарлады ПМ баспасөз қызметі. Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жол-көлік оқиғалары фактісін тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім береді.

«Еуроқаттама» арқылы жол-көлік оқиғаларын рәсімдеудің міндетті үш шарты бар: 1) Жол-көлік оқиғасына екі көлік құралы ғана қатысқан кезде; 2) Жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыруы болуы қажет. Сондай-ақ кім кінәлі, ал кім зардап шегуші екенінде келіспеушіліктер болмаған кезде;

3) Апат салдарынан ден-

саулыққа залал келтірілмесе, ал көлікке келтірілген шығын сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол 369 мың теңге.

«Осындай тәртіпте жол-көлік оқиғасын рәсімдеу үшін мобильді телефонға «Еуроқаттама» қосымшасын қосып алып, тіркелу рәсімін жүргізіп, оқиғаның фото және бейне материалдарын салу керек. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жол-көлік оқиғасының қатысушылары жақын жердегі полиция нарядына жүгіне алады, олар оны пайдалану кезінде көмек көрсетеді. «Еуроқаттаманың» артықшылығы неде: Біріншіден. Азаматтар ұсақ



жол-көлік оқиғаларын рәсімдеу үшін полицияны күтпейді, осылайша жолдардағы кептеліс жағдайлары төмендейді.

Екіншіден. Жеңілдетілген тәртіппен тіркелген жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Үшіншіден. Сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Егер бұрын осының бәрі 30-дан 90 күнге дейін

уақытты алса, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға шамамен бес күн кетеді.

Жүргізушілерді жол жүрісі қағидаларын сақтауға және жол-көлік оқиғаларын болдырмауға шақырамыз» дейді ҚР ПМ ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Қуаныш Тілекбаев.

**Зарина СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ**



Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕЦИФРАНДЫРУДЫҢ  
ҚҰРАМДАС БӨЛШЕГІ

XXI ғасыр – цифрлық технологиялар дәуірі десек, цифрландырудың құрамдас бөлшегі – мобильді банкинг. Бұл салаға соңғы жылдары сұраныс артып келеді. Мәселен, 2022 жылы әлем бойынша екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшасының қаржы айналымы 7,72 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 18,7 миллиард долларға дейін өседі деген болжам бар.

Расында, банк индустриясын трансформациялаудың негізгі құралы мобильді банкинг секторы саналады. Смартфонға қолжетімділік және интернет сапасының артуы мобильді банкинг нарығын ілгерілетті. Сервистік қызметтің бұл түрі клиенттерге кез келген уақытта, кез келген жерде банк операциясының кең спектрін орындауға мүмкіндік беріп, филиалдарға бару қажеттілігін азайтты. Тұтынушылар өз есеп шотындағы қаржыны бақылап, ақша аударуға, несие рәсімдеуге, пойызға немесе ұшаққа билет алуға, туристік турларға баруға, онлайн сауда жасауға және тағы басқасын онлайн орындайды.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, оңтүстік Африка елі – Ботсвана банкте есеп шоты бар және қаржылық қызметке қол жеткізу үшін смартфон пайдаланатын халық саны ең көп ел. Түркия мен Нигерия мобильді банкинг үлесі көп елдер қатарына кіреді. Азия құрлығында Сингапур, Корея, Қытай, Үндістан және Индонезияда мобильді банк қосымшасына сұраныс жоғары. Солай бола тұра, мобильді банкингтің әлемдік нарығында Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың үлесі айтарлықтай басым. Бұл аймақтардың цифрлық инфрақұрылымы жоғары деңгейде дамуы, смартфондардың соңғы буынына қолжетімділік және банк жүйесінде онлайн қызметтің жетілуі оң әсер етіп отыр. Мысалы, АҚШ банктері мобильді банк қосымшасын жүйелеп, түрлі қызмет түрін ұсынады. Америкада Wells Fargo банк қосымшасы көп қолданылса, Қазақстанда Kaspi және Halyk Bank сервистік қызметтің кең түрін ұсынып, клиенттеріне ыңғайлы жағдай жасайды. 2023 жылы біздің елде қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 90 пайыздан асты. Бұл ел азаматтарына мобильді аударым мен мобильді төлем арқылы қызмет алу қолайлы екенін көрсетеді.


ЕЛ СЕНІМІНЕ  
СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Қазақстандықтар төлем төлеу және аударымнан бөлек, қайырымдылық акцияларына қатысқанда, ағайын-туыстың қуанышына ортақтасып, сүйінші бергенде екінші деңгейлі банктің қосымшасын жиі қолданады. Кинотеатрға, фитнес клубқа баратын болса, оқу ақысын немесе салық түрлерін төлейтін болса да мобильді қосымшаға жүгінетін болды. Сөйтіп, цифрланған әлемнің игілігін сезініп, қолма-қол ақша банкнотты ұмыта бастаған-ды. Алайда мобильді аударымға салық салынады деген хабар тарағалы кәсіпкерлер онлайн қызмет түрінен бас тартып, ел сеніміне күдік кіріп, цифрланған дәуірден қайта құру кезеңіне қайта кеткендей әсер береді. Өйткені адамдарға «смартфонсыз өмір сүр!» деген талап қандай орынсыз болса, мобильді төлемнен бас тартуды мәжбүрлеу де сондай қате түсінік...

Алдымен онлайн аударым түрлеріне салық не үшін салынады, Салық кодексіне қандай

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ-  
КІМДЕР САЛЫҚ  
ТӨЛЕМЕЙДІ?

Салық кодексіне өзгерістер енгізіп, кәсіпкерлерге бизнесті адал жүргізу туралы талап қойылғалы мобильді аударым мен мобильді төлемге байланысты елдің пікірі екіге бөлініп, сеніміне күдік ұялады. Мұның себебі де бар. Қазір сауда орындарында қолма-қол ақшасыз қажетті тауарды алу қиындады. Мұның заңдылығын салық органдарына хабарласып, білдік.



өзгерістер бар? Соның басын ашып, мемлекет не үшін мұндай қадамға барып отырғанын талдап, тарқата түсейік.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми өкілі Айнұр Сартаева:

– Мобильді аударымды тексеру заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталады. Кәсіпкерлер арасында сатылған тауар немесе қызмет үшін төлемді мобильді аударым арқылы алады. Алайда аударымды кассалық аппарат, POS-терминал және QR-кодты қолданбай жүргізеді. Тиісінше, чек берілмей, тұтынушының құқығын бұзады, – деді.

Газетіміздің 2023 жылғы 13 сәуірде шыққан №43 нөмірінде «Көлеңкеге күн қашан түседі?» атты сараптамалық мақалада ел экономикасындағы көлеңкелі экономиканың көлемі 30 пайыз екенін жаздық. Бейресми дерек көздері бақыланбайтын экономиканың үлесі 50 пайыздан жоғары екенін дәйектейді. Бұл дегеніміз – миллиардтармен емес, триллиондармен өлшенетін қомақты қаржы. Бұған қаншама әлеуметтік мәселені шешіп, мектептер мен емханалар салып, жолдар төсеге болады.

2019 жылы 26 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлік

субъектілерін тексеруге және профилактикалық бақылау жүргізуге мораторий жариялады. Сөйтіп, 2020 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 1 қаңтарына дейін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлерді тексеруді және бақылауды барып жүргізуді тоқтатты. Кейін Президент мораторий мерзімін 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тағы ұзартты. Мақсат – шағын және орта бизнес өкілдері кәсібін кеңейтіп, жетілдіруге мүмкіндік беріп, кәсіпкерліктің экономикадағы үлесін арттыру. Қысқасы, экономиканы әртараптандыруды жүйелей түсу.

Әрине, кәсіпкерлер мемлекет қамқорлығын сезініп, бизнесін дамытуға мүмкіндік алды. Алайда табысын жасырып, көлеңкелі экономиканың көлемі артуына үлес қосып жүрген іскер азаматтар да аз емес.

Міне, Салық кодексіндегі өзгерістер осындай құбылыстың алдын алуда керек-ақ. Онсыз мемлекеттің келешегі бұлыңғыр, бастамалар баянсыз болмай ма? Бір жағы, бұл қадм қарапайым азаматтардың құқығын шектемей ме? Бізді осы сұрақ мазалады.

– Салық органдары барлық мобильді аударымды тексермейді. Тек әртүрлі тұлғадан үш ай қатарынан ай сайын 100

немесе одан да көп мобильді аударым жасап, кәсіпкерлік қызметтің белгісі байқалса ғана тексереді. Жеке тұлғалар бұрынғыдай өзінің жеке мақсаты үшін: туысына, досына, ата-анасына, баласына және басқа да өмірлік жағдайға байланысты мобильді аударым қолдана береді. Бұған шектеу жоқ, – деді Айнұр Сартаева.

МАҚСАТ – КӨЛЕҢКЕДЕГІ  
ҚАРЖЫНЫ ҚЫСҚАРТУ

2000 жылдардың басында Үкімет жасырын экономикамен күресуде шырақ алып, соңынан түскенді. Қалтарыста қалған қаражатты қазынаға қайтару шарасын бастап, ТМД елдері арасында бірінші болып қаржы амнистиясын жариялады. 2023 жылы мемлекеттік қызметкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, квазимемлекеттік және ұлттық компания қызметкерлері жалпыға бірдей декларация тапсырды. Ендігі кезек – кәсіпкерлерде. Бірақ осы күнге дейін көлеңкедегі қаржыны күнгейге шығару мүмкін болмай келеді.

Халықаралық валюта қоры әлем елдеріндегі көлеңкелі экономиканың үлесін зерттеп, рейтингін жариялап келеді. Соңғысы 2018 жылы шығарылды. Қазақстан 159 елдің ішінде 45-орыннан көрініп, көлеңкелі

экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 38,8 пайызға тең екені көрсетілді. Рейтингте көш бастаған Боливия, Зимбабве, Нигерия және Гватемалада бейресми экономика үлесі 55-65 пайызды құрады. Сапаршылар Африка елдерінің кедейленуінің басты себебі көлеңкелі экономиканың үлесі басым болуынан дегенді алға тартады. Қазақстандықтар азық-түлікті кредитке алып, кедейлене түсуде де көлеңкедегі қаржының әсері бар.

Dalainside мәліметінше, 2022 жылы Қытай кедені Қазақстан 16,3 миллиард доллардың өнімін алғанын белгілесе, біздің кеденшілер тауарды 11 миллиард долларға бағалады. Екі кедендегі айырмашылық – 5,3 миллиард доллар. Демек, осынша көлемде контрабандалық тауар шекарадан баж салығынсыз өтіп, көлеңкелі экономиканың көлемін арттырды. Бұған бай-бағандар елден ұрлап шығарған офшордағы 167 миллиард долларды қосыңыз. Елдің атқамінерлері қаржысын сыртқа асырып жатқанда, ірі ірі сауда орындарынан бастап шағын дүкендерге дейін фискалды чекті көп жағдайда бере бермейді. Жасыратыны жоқ, кәсіпкерлер қолма-қол ақшамен төлем жасауды талап ете бастады. Бұл қаншалықты заңды?

– Кез келген ел азаматы «Төлем және төлем жүйелері туралы» заңға сәйкес, банк картасы, QR төлем және қолма-қол ақшамен қызмет алуға құқылы. Қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдаудан бас тарту заңсыз. Бұл – тұтынушының құқығын шектеу немесе бұзу.

Егер кәсіпкер онлайн төлемді қабылдаудан бас тартса, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ескерту беріледі. Егер қайталанса 147680 теңге көлемінде айыппұл салынады. Қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдаудан бас тарту фактісі орын алса, тұтынушылар тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік кіріс органына хабарласа алады, – деді Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми өкілі.

БИЗНЕСТІҢ БЕРЕКЕСІ –  
АДАЛДЫҚТА

Бұл бастама кәсіпкер үшін міндетті, ал қарапайым азаматтарға зияны тимейді. Салық тексеруші орган өкілдері солай сендірді.

## P.S:

Теңге тиыннан құралады. Әрбір кәсіпкер адалдық танытып, салық төлеуге бейжай қарамаса, атқамінерлер ел қазынасына құрметпен қарап, тиімді жұмсаса, ел қуатты болып, ұзақ өмір сүреді. Ендеше Мәңгілік ел мұратын іске асыруда кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтар салық төлеу мәдениетін арттыруы керек. Мобильді қосымшаға байланысты реформадан осыны түсіндік.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР ТУРАЛЫ  
ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН САУАЛДАРКӘСІПКЕРЛЕР ТЕК ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛЕМ ТАЛАП ЕТСЕ,  
ЗАҢДЫ МА?

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудан бас тарту - заңсыз. Карта арқылы төлем қабылдаудан бас тартқаны үшін бірінші рет әкімшілік жауапкершілікке тартылып, ескерту жасалады. Ал қайталанса, айыппұл - 40 АЕК.

ЕГЕР КӘСІПКЕР ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМ  
ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТСА, ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Кәсіпкер қолма-қол ақшамен төлем жасауды талап етсе, тұтынушы мемлекеттік кіріс органдарына шағымдана алады.

## ТУЫСТАР МЕН ДОСТАРҒА АҚША АУДАРУҒА БОЛА МА?



Жеке тұлғалар бұрынғыдай мобильді аударымдар жасай және қабылдай алады. Ешқандай шектеу жоқ.

ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ ТӨЛЕМ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН  
КАССАЛЫҚ АППАРАТ АЛЫП ЖҮРУГЕ МІНДЕТТІ МЕ?

Жеке тасымалдаушылар жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек. Олар қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдау үшін онлайн режимде кәсіпкерлік банк шотын аша алады. Кассалық аппарат пен POS-терминал алып жүрудің қажеті жоқ.



...1979 жылы Алматыдағы университеттің журналистика факультетін ойдағыдай аяқтаған бұл пақырыңыз өзінің туған топырағы – Сыр еліне оралып жатқан шақ. Республикалық «Білім және еңбек» журналының бас редакторы Абдул-Хамит Марқабаев ағамыз жұмысқа шақырып, жауапты қызметке бұйрық шығарып қойса да, елдегі отбасылық жағдайға байланысты, кешірім сұрап, жолға шығып кеткен ек. Пәлі десе, сөйткен бұл пақырың елдегі аудандық газеттен де орын таба алмай екі-үш ай босқа сенделер ме! Ақыры, Қызылорданың дәл түбіндегі Тасбөгет поселкесінде (Сырдария ауданының орталығы) шығатын «Сырдария» газетіне өзгер деп, онда да екі ай мерзімге сынақпен жұмысқа алындық қой, не керек. Жә, бұның бәрін не үшін тәптіштеп айттып жатырмыз? Сол алақандай газеттің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген шағымызда бір жолы аудандық комсомол комитетінің кезекті конференциясы өткізілді. Кім бергенін қайдам, жиында сөз сөйлеушілер тізіміне аудандық газеттің бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі деп мені де жазыпты. Ама! қанша, атым аталған соң, сөйлеуім керек қой. Мінбеге көтеріліп, аудан жастарының арасында мәдени-көпшілік жұмыстары жолға қойылмаған, комсомол ұйымдары бұған аса көп мән бермейді деген секілді сыни пікірлерімді ашық айтып салдым. Сөйтсем, бұл конференцияға облыстық жастар ұйымының басшысы Оңалбек Сәпиұлы қатысып отыр екен. Қысқасы, жыны аяқталған соң ол кісі мені шақырып алып «бізге жұмысқа ауыс» деді. Жауабымды да күтпестен «ертең менің жұмыс орныма кел, қалғанын сосын сөйлесерміз» деп түйіндеді де, жылы қабақпен шығарып салған-ды. Осылайша, «жалынды журналист» болам деп алқнып жүрген пақырыңыз ойламаған жерден комсомол қызметкері болып шыға келер ме?! Әрине, облыстық комсомол ұйымында басқа сала емес, өзіме етене жақын насихат және мәдени-көпшілік жұмыстарымен айналыстым. Бірақ, несін жасырайын, мұндай жұмыста тәжірибем өте аз, талай-талай сүріндік, қателіктер де жіберіп жаттық. Сондайда Оңалбек аға тікелей шақырып алып, әуелі аямай біраз сілкілеп, аяғында ақылын айтатын. Бірте-бірте ол кісінің өмір жолына қаныға түстім. Қызылордада Алматыдан емес, сонау Мәскеудің өзінен келген

## ҚАЙРАТКЕР ЖОЛЫ (Оңалбек аға Сәпиұлы туралы сыр)

Менің өмір жолымда жай аралас-құралас емес, ерекше із қалдырған ағаларымның бірі де, бірегейі де – Оңалбек Сәпиұлы! Қарапайым қойшыдан қайраткерлікке дейін созылған өмірдастаны бар азамат быыл сексеннің сеңгіріне көтеріліп отыр. Астанада тұрады. Елорданың Ақмола өңіріне қоныс аударып, көшіп келуіне тікелей атсалысқан адам. Ол кезде республика Парламенті Сенатының депутаты еді. Жай депутат емес, ең беделді депутаттар санатынан орын алған-ды. Өйткені Оңалбек аға адалдықты ту еткен, өтірік пен жағымпаздыққа жаны қас, жемқорлар мен жебірлерді жанына жуытпайтын текті тұлға ретінде танылды. Ал, бұған дейін...



көрінеді. Бүкілодақтық комсомол ұйымында ауыз толтырып айтарлықтай жауапты қызметте болған екен. Қарапайым қазақ жігітінің Кеңес Одағының бас қаласында, өңкей орыстың хәм орыстіділердің ортасында өзін көрсетіп, абыроймын қызмет істеуі таңқаларлық жағдай. Тіпті беделі де зор болған сынайлы. Кейде өз кабинетінде жиналыс өткізіп жатқанда Мәскеуден бір танысы телефон соға қалса, онымен орысша әзіл-қалжынын айта отырып-ақ, облыс үшін аса маңызды кейбір шаруаларды әп-сәтте шешіп алған кездерінің де куәсіміз. Өткен өмірі жайлы әңгімесін тыңдасаң, таңдан басқа амалың қалмайды. Сыр өңірінің Жаңақорған ауданына қарасты Қожакеңт деген кішкентай ауылда, қарапайым колхозшы Құдайбергелұлы Сәпи мен Әбішқызы Ұрқия апамыздың отбасында 1944 жылдың 11-қаңтарында жарық дүниеге есігін ашыпты. Жас күнінде текті әжесі, ақынжанды ана Өтепқызы Зұлхияның арқасына мініп, еркелеп өсіпті. Содан да болар, Оңалбек аға қазақтың көне сөздері мен мағыналы мақал-мәтелдерін өте көп есінде сақтаған, сөйлесе төгіле жөнеледі. Осындағы төменгі сыныпты туыр аяқтап, ары қарай аудан орталығындағы малшылардың балаларына арналған мектеп-интернатта жатып оқиды. Оқуын аяқтаған соң, дереу білім жолына түспей, жастық көңіл қалауымен қой бағатын бригадаға жазылады. Қойшылық өмірді бастайды. «Қазақтың ата кәсібінің дәмін ерте таттым» дер еді аға. «Мен жас күнімнен қара қоймен сөйлестім, олардың тірлігі маған етене жақын!» Арада екі жыл өткенде аудандық комсомол ұйымы жас жігіттің бойындағы

жалын атқан жігерді байқап, жоғары оқу орнына жолдама береді. Оңалбек аға Шығыс Қазақстан облысындағы педагогика институтына түсіп, оны үздік аяқтайды да, ректораттың ұйғарымымен сол оқу орнындағы комсомол ұйымына басшылық жасауға шешім шығыпты. Жастарға жетекшілік жасап хәм жастармен қоян-қолтық жұмыс жасау, міне, сол кезден бастау алып жатыр. Одан соң Шығыс Қазақстан облыстық комсомол ұйымының хатшысы, Бүкілодақтық комсомол ұйымының жауапты қызметкері, ал 1977 жылдан – Қызылорда

облыстық жастар ұйымының бірінші хатшысы болып тағайындалыпты. Тап осы кезеңде біз де жағалап, дәлірек айтқанда, өзінің шақыруымен, ағаның қарамағына қызметке келіп қалсақ керек. Осынау жылдар мен үшін де үлкен өмір мектебі болғанын бүгінгі күні ерекше атап айтар едім.

Оңалбек Сәпиұлы облыс комсомол ұйымын басқарған жылдары көптеген бастамалар көтерді, жастарды жаңа істерге жұмылдырды, жас та алғыр кадрлардың өсіп шығуына тікелей ықпал етті. Мысалы, кейінірек республикаға есімдері бек танымал болған Қырымбек Көшербаев, Биғали Қайыпов, Болат Оразов, Гүлсара Алтынбекова, Кеңес Маханбетов, Ергали Алдоңғаров, Зауыр Ақдәулетов, Махмұт Нәлібаев, Марат Есенов, т.б. Оңалбек ағаны ұстаз санайды.



Оңалбек ағаның бойында екі-үш түрлі ерекше адами (бәлкім, қазақи) қасиет бар: сөйлесе сөзге шешен, ағытылып айтады, төгіліп сөйледі, жүрегіңді дір еткізеді; жазса жазуы жүйелі, ойы орнықты, санаңа сәуле құя түседі; ең бастысы, ол ұлт руханиятына мейлінше жанашыр жан; қазақ ақын-жазушыларын оқып қана қоймай-ақ, тілекші болуы өз алдына, оған қоса көбісімен әзіл жарастырып, тонның ішкі бауындай сыйласа білді

халық игілігіне қиғаш келетін заңдарға қолдау көрсеткен емес, керісінше ондай шикі құжатты байқаса, ешкімнен тайсалмай, қос қолын көтере қарсылық жасай алды, оған батылдығы жетті. Сосын да ел құрметіне бөленген күні кешегі абыз ағаларымыз Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Амангелді Айталы, т.б. жолымен жүрді, мақсаттас болды, ел келешегіне алаңдады. Парламент қабырғасында өткен, белгілі бір заң жобасы айналасындағы қаншама талас-тартыстар жайлы, ондағы Оңалбек ағаның өтімді пікірлері жайында кеңінен толғап айтса да болар еді, алайда ондай «саяси сайыс» әңгімесін кейінге шегере тұралық.

Оңалбек аға өнегелі отбасы иесі, жеңгеміз Зада екеуі ұл-қыз тәрбиелеп, әлденеше немере сүйіп отыр. Ұлы Еркебұлан қазіргі кезде Қазақстанның Түркиядағы елшісі қызметін абыроймен атқаруда. Өзі зейнет жасына шықса да көңілі сергек, үнемі елімізде және әлемде болып жатқан саяси-мәдени жаңалықтарға елеңдеп отырады. Жақында Оңалбек ағаның қара шаңырағына бардым. «Сексен жасыңыз да тақап қалды, атап өткен жөн емес пе?» деп сұрап ем, басын шайқады. «Бүкіл елді шулатып, дүркіретіп атап өтердей халқыма нендей айтулы еңбек сіңірдім, қарапайым ғана ғұмыр кешкем жоқ па» деді, жылы жымиды. «Кейінгі ұрпақ қазақ ішіндегі қазіргі көзі тірі идеологтар тобына сізді де қосып айтады» деді. Ағамыз былай деді: «Нағыз ұлт идеологиясының қамшыгері кешегі Өз-ағаң, Өзбекәлі Жәнібек еді ғой, аты көп аталмай жүр, тойлағыш ел сол кісіні жылда еске алып отырса артық болмас

еді» деп қайырды. Қарапайым болу деген, асылы, осы болар! Қазіргі уақытта не бітіргенінде шаруасы жоқ, сексен тұрмақ елуі мен алпысын, тіпті қырық жасын да аста-төк атап жатқандар аз ба? Біреудің қуанышын қызғану емес, бірақ ұлан-асыр той жасау үшін де әуелі бұған халқым қалай қарайды деп ойланып қойса, ә? «Ары кетсе, ең жақын достарым мен туған-туысты, өздеріңдей інілерімді жинап, елу-алпыс кісіге дастарқан жайып, ата-бабама құран арнасам деп шештім» деді ойлана сөйлеп.

Оңалбек ағаның бойында екі-үш түрлі ерекше адами (бәлкім, қазақи) қасиет бар: сөйлесе сөзге шешен, ағытылып айтады, төгіліп сөйледі, жүрегіңді дір еткізеді; жазса жазуы жүйелі, ойы орнықты, санаңа сәуле құя түседі; ең бастысы, ол ұлт руханиятына мейлінше жанашыр жан; қазақ ақын-жазушыларын оқыл қана қоймайды, тілекші болуы өз алдына, оған қоса көбісімен әзіл жарастырып, тонның ішкі бауындай сыйласа білді, бірталайына қолынан келген көмегін аямады, тұрмыстық жағдайының дұрысталуына, тиісті марапат алуына дейін араласты, бірақ онысын бұлдаған жоқ. Мысалы, ақын Иран-Ғайып, суретші Қайырбай Зәкіров, жырау Алмас Алматов, жезтаңдай әнші Лена Әбдіқалықова, тағы басқалардың өнер жолына ақжайма төсеген – Оңалбек аға. Әбіш Кекілбай ағам бірде дастарқан үстінде «Оңалбек кешегі Өзбекәлі Жәнібек салып кеткен жиекті жолдың жоқшысындай азамат қой» деп еді.

Біз бұдан асырып не айта алармыз? Аман болыңыз, асыл аға!

**Жолтай  
ЖҰМАТ-ӨЛМАШҰЛЫ,  
жазушы-драматург**

### ҚҰҚЫҚ

Бүгінгі таңда Астана қаласында сот әрекетке қабілетсіз деп таныған 1500 адам есепте тұр. Азаматтың өз іс-әрекетін азаматтық құқық алып, жүзеге асыруы кәметке толған кезде, яғни он сегіз жасқа толғанда толық айқындалады.

Адамның құқықтары мен бостандықтары тек заңмен және конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті көлемде ғана шектелуі мүмкін.

Заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, ешкімнің әрекет қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды.

Азаматтық кодексте және Азаматтық іс жүргізу кодексында көзделген негіздер болған жағдайда ғана азамат сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылуы мүмкін.

Психикалық ауруға немесе деменцияға байланысты өз іс-әре-

## ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТСІЗДІКТІ ТАҢУ



кетінің мәнін түсіне алмайтын немесе басқара алмайтын адамды сот әрекетке қабілетсіз деп танып, оған қорғаншылық белгіленеді.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 323-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот тек психикалық ауру немесе деменция салдарынан ғана емес, сонымен қатар басқа да психикалық бұзылыс немесе ауыр психикалық жай-күй сал-

дарынан өз іс-әрекетінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің іс-әрекетін басқара алмайтын азаматты әрекетке қабілетсіз деп таңуға құқылы.

Азаматты әрекетке қабілетсіз деп таңу туралы іс оның отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының, бірге тұруына қарамастан, прокурордың, қорғаншылық немесе қамқоршылық органының,

психиатриялық (психоневрологиялық) емдеу мекемесінің өтініші бойынша сотта қозғалуы мүмкін.

Басқа адамның осы санаттағы іс бойынша өтініш беруге құқы жоқ.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, сот шешімінсіз бірде-бір азаматты әрекет қабілеттілігінен айыруға болмайды.

Әрбір әрекетке қабілетсіз адамға мемлекет қорғаншы белгілейді, ол әрекетке қабілетсіз адамның атынан мәміелер жасайды және өмірлік маңызды шешімдер қабылдайды.

Бұл әрекетке қабілетсіз мәртебесін алған адамның әртүрлі ауруларға байланысты өз әрекеттері үшін жауап бере алмайтындығына байланысты қажет.

Азаматты әрекетке қабілетсіз деп таңу туралы өтініштің мазмұнының өзіндік ерекшеліктері бар.

Адам өз мүлкіне билік ету құқығынан толық айырылатындықтан, ықтимал қорғаншылардың өз өкілеттіктерін теріс пайдалануына жол бермеуі әрі азаматты әрекетке қабілетсіз деп таңу үшін сараптама қорытындысы қажет. Сонымен қатар, сот отырысына қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының заңды құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеуді қадағалайтын прокурор қатысуға міндетті.

Азаматты әрекетке қабілетсіз деп таңу туралы істі қарау кезінде сот сарапшының қорытындысын ғана емес, сонымен қатар іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелерді: медициналық мекемелердің ауру тарихынан үзінді көшірмелерді тексеруге міндетті.

Адамды әрекетке қабілетсіз деп таңу немесе әрекетке қабілетті деп таңу тәртібі арнайы есепке алынғаннан кейін адам болашақта психологиялық және физикалық денсаулығы жақсарған жағдайларда сот шешіміне шағымдана алады. Әрекет қабілеттілігін қалпына келтіріп, Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы бола алады.

**Эльмира ТҰРАБЕКОВА,  
Қазақстан Республикасы Бас прокураторының  
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаментінің Астана қаласы бойынша аға прокуроры**



## ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында биыл Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл толатынын атап өтті. Президент өткен жылы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры қойған «Жошы хан» тарихи драмасын (авторы – Думан Рамазан) премьерасын арнайы барып тамашалап, оң бағасын берді. Астана қаласы Коммуникациялар қызметінің алаңында осы қойылымның қоюшы режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов сахналық туынды туралы айтып берді.

Режиссер Жошы ұлысының 800 жылдығы мемлекеттік деңгейде аталып өтетінін қуантатыны айта келе, «Жошы хан» тарихи драмасының премьерасы былтырғы маусым айында ұсынылғанын атап өтті. – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің 2019 жылғы халыққа Жолдауында мемлекеттілігіміздің бастауын Алтын Ордадан, Жошы ұлысынан бастау керектігін айтқан болатын. Тарих туралы көп спектакль қойып жүрген режиссер ретінде мен де сол

Жолдауды естігеннен кейін Жошы хан жөнінде қойылым қою ойы пайда болды, – деді Болат Ұзақов.

Оның пікірінше, «Жошы хан» тарихи драмасы тек өткенді еске түсіру үшін емес, болашақ үшін, ұрпақ үшін, мемлекетіміздің құндылықтарын дәріптеу үшін керек болды.

«Ұрпақтың ұлттық намысын, ұлттық рухын тарих арқылы оятуымыз керек. Сол кезде ғана «ата-бабам жер үшін жанын беріп, қанын төккен екен ғой, мен үшін, ұрпақ үшін сондай қиын жағдайлардан өткен екен ғой, мен тастап кеткен мұрасы-

на неге ие болмаймын» дейтін ұрпақ өседі» деді режиссер.

Спектакльдің музыкасын композитор, этномузыкант, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Еділ Құсайынов пен Қайрат Тоқымбетов жазған. Қойылымның суретшісі – Ерлан Тұяқов. Хореографы Салтанат Сұңғат болса, сахна сайысын Абылай Сәлімханов қойған. Спектакльде Жошы хан рөлін театрдың жас актері Қайыржан Садықов ойнайды. Шыңғыс хан бейнесін екі құрамда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Асылбек Қапаев пен Жанқалдыбек Төленбаевтар сомдады.

Қойылым «Шыңғыс ордасы» мен «Қазақ ордасы» атты екі бөлімнен тұрады. Үргеніш шаһарын басып алу барысындағы Шағатай мен Жошы арасындағы текетірес хандық ішіндегі дауға ұласу қаупі туады. Шыңғыс ханның ұлдары арасындағы алауыздықты шешіп, сыртқы жаулардың қитұрқы ойларының жүзеге асуына жол бермеу жолы көрініс табады. Шыңғыс ханның өз қарамағындағы жерлерін төрт ұлы арасында ұлыстарға бөлу сахнасы арқылы оның көрегендігі мен сарабал саясаткерлігі байқалады. Заңғар таулардан асып, терең теңіздерді кешіп, таралғы созылғанша, үзеңгі қажалғанша тыным таппай, қаншама халықты қарамағына қаратып, бір ұлысқа ұйыстырған хан әке мен оғлан Жошының ел билеу жөніндегі ой ерекшеліктері, талғам-түйсіктері бой көрсетеді.

Болат Ұзақовтың айтуынша, «Жошы хан» тарихи драмасын гастрольдік сапар арқылы



Жошы ұлысы ту тіккен Ұлытау өңіріне апарып көрсету жоспарланған. Жошы хан кесенесі де сонда орын тепкен. Сондықтан спектакльді сонда апару – символдық дүние. Ал Астананың өзінде осы спектакльге сұраныс, қызығушылық өте жоғары. Тарихи драма айына кемінде бір рет қойылады. Осы айда 11 қаңтар күні тамашалауға болады.

## КЕЙІПКЕРЛЕРІМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫРДЫ

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры осы жылдың алғашқы премьерасын ұсынды. Көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің әңгімелері желісімен сахналанған «Ауыл хикаялары-2» драмасы – осының алдында аталмыш өнер ошағында қойылған «Ауыл хикаялары» спектаклінің жалғасы. Қоюшы режиссерлері – Әли Бидахмет пен Нұржігіт Мүсілімов.

Оралханның «Дос сыры» атты әңгімесінде Алтай деген қойшы жігіттің махаббат хикаясын шертетіні бар. Спектакль сол көріністен басталады. Бірақ режиссерлер көркем шығарманы дәлме-дәл көшіре салмай, бірнеше әңгімені араластырды. Атап айтқанда, «Күлпаштың ұршығы», «Құмар қол бұлғапты», «Бес тиын», «Іздегенін тапты ма?», «200 грамм энергия», «Өзі сүйген», жоғарыда аталған «Дос сыры» әңгімелерінен жып-жылы қойылым дүниеге келді. Сол арқылы көрермендер қаламгердің кейіпкерлерімен қайта қауышты. Арманшыл Алтай, оның алғашқы махаббаты Еркежан мен жары Күмісайым, өз ісіне адал почта бастығы Зәкең, аңшы Құмар көркем шығармадан театр сахнасына көшірілді. Арасында әңгімелердің авторы, яғни Оралхан Бөкейдің де бейнесін көрдік. Оны актер Мағжан Тұрарбек сомдады.

Осының алдындағы «Ауыл хикаясы» драмасы Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы», «Қош, махаббатым» және «Мандайдан бағың шайқалса» әңгімелерінен құрастырылған еді. Екі спектакльдің де қоюшы режиссерлерінің бірі Әли Бидахметтің айтуынша, бірінші қойылымға сыймай қалған әңгімелерді екінші спектакльге енгізуге мүмкіндік туды.

«Ауыл хикаялары» драмасын жалғастыруға көрермендер



түрткі болды. Өйткені бірінші қойылымды олар өте жақсы қабылдап, драма көңілдерінен шықты. Осы спектакль қойылған сайын залымыз толып отыратын. Сосын спектакльді жалғастырып, жылдың басын сонымен бастайық деп шештік. Тағы бір себеп: эксперимент жасап көргіміз келді. Театр қойылымдарында «1», «2»

дегенді көрмейміз ғой, бұл киноға тән дүние. Бізге соны сахнаға көшіру, халықтың қалай қабылдайтыны қызық болды. Сосын қала тұрғындарын ауыл өміріне сапар шеккізсек, сөйтіп ауылға, балалық шаққа сағынышын бассақ деген де мақсат қойдық» дейді Әли Бидахмет. Музыка – кез келген спектакльдің ажырамас бөлшегі.

«Ауыл хикаялары-2» драмасына өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, бертінге дейінгі әндер енгізілді. Атап айтқанда, Сыдық Мұхамеджановтың «Қырманға кел, қалқатай», Шәмші Қалдаяқовтың «Бақыт құшағында», Ұлықпан Жолдасовтың «Табиғатым-махаббатым» әндері актерлердің орындауында берілді. Спектакльде негізінен ауыл халқының таза, кіршіксіз көңілі, еш арамдығы жоқ, аңқау, аңғал кейпі менмұндапап тұрды. Кейіпкерлерді Мәмбетов театрының тәжірибелі актерлері – Мәдениет қайраткері Айбол Шәкіржанов, Мәдениет саласының үздіктері Гүлмира Жакилина, Ажар Шәкіржанова және жастар әсерлі сомдап шықты. Соның ішінде бізге Ернұр Балмаш (Сергей), Ақжол Амантай (Құмар), Айнұр Жұмабаева (Еркежан), Нұрайым Тезекбаева (жас Күмісайым) сынды актерлердің кейіпкерлерді беруі ұнады. Қойылымда кездесу мен қоштасу, қуаныш пен мұң, махаббат пен қимастық сезімдері астаы.

Әли Бидахмет пен Нұржігіт Мүсілімов алдындағы «Ауыл хикаялары» драмасын ұстаздары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сайлау Камиевпен бірге сахналады. Сол кезде ұстаздарының материал таңдауда, бағыт-бағдар беруде үлкен көмегі тиді. Содан алынған тәжірибе арқылы жалғасын қоюға бел буды. Енді «Ауыл хикаялары-3» бола ма деген заңды сұрақ туындайды. Әли Бидахметтің айтуынша, ол тағы көрерменге байланысты. «Ауыл хикаялары-2» спектаклін жақсы қабылдаса, әрі қарай да жалғасып кетуі мүмкін.

Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасына қарасты Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM School мектеп-лицейінде ақынның туған күніне орай оның шығармашылығына арналған «Қадыр әлемі» тақырыбында фестиваль өткізілді.

## ҚАДЫР АҚЫННЫҢ ӘЛЕМІ



Ақынның қазақ поэзиясына қосқан айрықша үлесін дәріптеп, көпшілікке тереңінен насихаттау мақсатында оның бүкіл болмыс-бітімін, тұлғалық қадір-қасиетін жеткіншектерге жеткізу мақсатында ұстаздар қауымы секцияларға бөлініп, үш бағытта бөйгеге түсті. Бірінші бағыт «Өлең – өнер пернесі» тақырыбында ақынның шығармашылығын бейнелеу өнері арқылы дәріптеуге бағытталса, «Бір жақсысы тілге ерік берген екен» атты екінші бағытта ақын өлеңдерін оқу және оған арнауларын оқуға мүмкіндік берілді. Ал үшінші «Қазақ осы - күй шығарып, ән салып» бағыты бойынша Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған әндерді орындау

басты назарға алынды.

Шығармашылық фестивалінде ұстаздар арасында оза шауып, бөйге алған жеңімпаздарды бүкіл болмыс-бітімін, тұлғалық қадір-қасиетін жеткіншектерге жеткізу мақсатында ұстаздар қауымы секцияларға бөлініп, үш бағытта бөйгеге түсті. Бірінші бағыт «Өлең – өнер пернесі» тақырыбында ақынның шығармашылығын бейнелеу өнері арқылы дәріптеуге бағытталса, «Бір жақсысы тілге ерік берген екен» атты екінші бағытта ақын өлеңдерін оқу және оған арнауларын оқуға мүмкіндік берілді. Ал үшінші «Қазақ осы - күй шығарып, ән салып» бағыты бойынша Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған әндерді орындау

**Айжан СЕРІКҚЫЗЫ,**  
Астана қаласы  
«Руханият» мемлекеттік мекемесі  
баспасөз қызметінің  
жетекшісі

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**